

БІЛІКТІ БИОЛОГТАРДЫҢ ОРДАСЫ

Ел Президенті Қазақстан халқына арналған Жолдауында білім беру саласына да тоқталған болатын. Шымкенттегі М. Әуезов атындағы ОҚМУ-дың «Биологияны оқытудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасының қызметкерлері Жолдауда айтылған міндеттерді орындау бағытында көптеген істер атқарып, білім беруде жаңа технологияларды кеңінен пайдалануда.

Бүгінгі биология және биологиялық білім бірден-бір жаңашылдықтың перспективалы бағытына айналды. Молекулалық генетиканың табыстары бактериялар мен вирустарды зерттеуден бастап, жаңа геномдардың туылуына алып келетін ағзалардың ДНҚ молекуласын талдау арқылы медицинаның дамуына күшті сілкініс берді.

Биология ғылымының дамуының арқасында кейбір аурулардың тұқым қуалау қаупін алдын ала анықтау күнделікті шындыққа айналды. Жақын болашақта клеткалық бөліктердің механизмін танып білу ауру мүшелерді алмастыру терапиясына жол ашады.

Биологиялық білімсіз селекция ғылымында да алға ілгерілеушілік болмайды. Адамзат саны өсуде, оларды тағамдық өнімдермен қамтамасыз ету қажет. Өсімдіктер мен жануарлар генетикасынан білім болмай, олардың азық-түлігін көбейту мүмкін емес. Сондықтан жаңа сұрыптар мен қолтұқымдарды алатын жоғары қарқынды селекция қажет. Ал ол үшін өсімдіктер мен жануарлардың гендік және клеткалық инженериясы туралы жоғары білім алған жөн.

Адам Жер бетіндегі ең мықты экологиялық факторға айналды. Бұл оған ерекше жауапкершілік жүктейді. Ғаламшардың биологиялық көптүрлілігі мен биосфераның тұрақтылығын сақтау адамзаттың міндеті. Ал, ол үшін жоғары білімді мамандар даярлаған жөн. Осы міндетті абыроймен атқарып жүрген «Биологияны оқытудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасы күндізгі, кешкі және қашықтықтан оқыту түрлерімен «Педагогикалық биология», «Ғылыми биология» және «Биология» магистрлерін дайындайды.

Кафедраның профессор – оқытушылар құрамында 2 ғылым докторы, профессор, 13 ғылым кандидаты мен доценті және 6 магистр бар.

Мамандарымыз халықаралық ғылыми – зерттеу жобасының конкурстық грантына қатысу үшін Волгоград Мемлекеттік педагогикалық университетінің ғалымдарымен бірге «ОҚО жағдайында кездесетін Шалфей туысы түрлерінің құрамындағы (*Salvia L. Lamiaceae*) биологиялық белсенді



заттарын зерттеу» жобасы дайындалды. Бұл отандық ғылым үшін жағымды жаңалық болғалы тұр.

Оқытушылар ақпараттық технологияларды пайдалануды, On-Line жүйесінде білім беруді меңгеріп, биологияны оқыту әдістемесін жаңғыртуды қолға алды. Сонымен қатар оқыту барысында электронды оқулық пен кітаптарды пайдалана отырып, виртуальды зертханалық жұмыстар, видеолекция және кейс – стадий түріндегі интерактивті инновациялық дәрістер жүргізеді.

Біздің университет Туркия, АҚШ, Франция, Германия, Ресей, Оңтүстік Корея, Ұлыбритания мемлекеттерінің беделді оқу орындарымен тығыз байланыс орнатқан.

Кафедра студенттері екінші курстан бастап педагогикалық және өндірістік іс – тәжірибелерді «Сайрам - Өгем» Ұлттық мемлекеттік табиғи паркінде, Шымкент қаласындағы дендропарк пен зоопаркте, ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ботаника және фитонитродукция» ғылыми – зерттеу институтында, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы ғылыми – зерттеу институтында, сонымен бірге Шымкент қаласының мектептерінде өткізеді. Ал, магистранттар Ресейде ғылыми тәжірибеден өтеді.

Үздік студенттер арнаулы стипендияларды алып тұрады. Мәселен, биылғы оқу жылында М.Өмірбекова мен А.Беркінбаева президент атындағы стипендияға ие болса, 4 курс студенті М.Дайрабаева еркін күрестен жазғы универсиадада 2-ші, Қазақстан чемпионатында 3-ші орынды жеңіп алды. Кафедра түлектері жоғары оқу орындарында, колледждер мен жалпы орта мектептерде, ғылыми-зерттеу институттарында, СЭС мекемелерінде, табиғи қорықтар мен сұрыптау станцияларында, экологиялық ұйымдарда, балық көбейту шаруашылығында, жылыжайда, өзге де қоғамдық ұйымдарда табысты еңбек етіп жүр.

Г.Б.ҚЫЛЫШБАЕВА,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің «Биологияны оқытудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі, а/ш ғ.к, доцент
О.А.АЛШЫНБАЕВ,
аға оқытушы, а/ш ғ.к

Мекенжайымыз:
ОҚО Шымкент қаласы,
Отырар мөлтекауданы,
51-үй, I-пәтер.
Байланыс телефон
(факс): 8 (7252) 52-30-82,
Ұялы телефон:
8 775 733 04 28

Газетімізде Құрияттар мен пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с)-ның хадистері болғандықтан аяқталы етпеутеріңізді сұраймыз.

Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, «Ernog print» ЖШС-інің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Т.Әлімқұлов көшесі, 22 үй.

ГАЗЕТ:

АСТАНА, АЛМАТЫ, АҚТӨБЕ, КӨКШЕТАУ, Тараз, ҚЫЗЫЛОРДА АТЫРАУ, ӨСКЕМЕН, ЖЕТІСАЙ, ҚАРАҒАНДЫ ЖӘНЕ ШЫМКЕНТ Т.Б. АЙМАҚТАРҒА ТАРАЙДЫ.

Автордың мақалалары, пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
"Уақытта" жарияланған мақала көшірліні басылыс сілтеме жасалуы міндетті.

Айлық таралым: 36000
Апталық таралымы: 9000
Тапсырыс: 1170